

## Сарыағаш ауданының аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындарды белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Түркістан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № 342 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 21 желтоқсанда № 5959 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 28 қарашадағы № 360 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігінің 28.11.2022 № 360 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2 тармағына, "Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі Заңының 27 бабының 2 тармағына және "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 бұйрығына сәйкес, (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11148 болып тіркелген) Сарыағаш ауданы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Сарыағаш ауданының аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындар осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 21 қыркүйектегі № 343 "Сарыағаш ауданы аумағындағы көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындарды белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 4219 тіркелген, 2017 жылғы 06 қазанда "Сарыағаш" газетінде және 2017 жылғы 06 қазанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Сарыағаш ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының "Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Сарыағаш ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.Таскуловқа жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сарыағаш ауданының әкімі*

*М. Отаршиев*

Сарыағаш ауданы әкімдігінің  
20 желтоқсандағы 2020 жылғы  
№ 342 қаулысына қосымша

### **Сарыағаш ауданының аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындар**

№	Елді мекеннің атауы	Орналасатын орны
1	Сарыағаш қаласы	Бәйтерек көшесі, № 150 көппәтерлі тұрғын үйдің жаны
2	Дарбаза ауылдық округі	Дарбаза ауылы КХ-11 облыстық маңызы бар автомобиль жолының бойы (Дарбаза жанар-жағармай құю бекетінің жанында)
3	Дарбаза ауылдық округі	Ердәуіт ауылы, Жастар көшесі, № 4 тұрғын үйдің жаны
4	Әлімтау ауылдық округі	Әлімтау ауылы, Ә.Молдағұлова көшесі, № 174